

Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының жүйесін одан әрі реформалау жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 22 сәуірдегі N 3465. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының жүйесін жетілдіру, қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің тиімділігін арттыру мақсатында қаулы етемін:

1 . Б ы л а й д е п :

1) Мемлекеттік тергеу комитеті органдарының жүйесін Мемлекеттік тергеу комитеті, облыстар, Ақмола мен Алматы қалалары бойынша оның өзіне бағынысты Мемлекеттік тергеу комитетінің бөлімшелері, сондай-ақ оқу орындары, мекемелері мен ұйымдары құрайды;

2) Мемлекеттік тергеу комитеті экономикалық, лауазымдық және әскери қылмыстар жөніндегі істер бойынша анықтау, алдын ала тергеу мен жедел іздестіру қызметін жүзеге асырады, ұйымдасқан қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа, сондай-ақ басқа да аса қауіпті қылмыс көріністеріне қарсы күрес жүргізеді деп белгіленсін.

2 . М ы н а л а р қ ұ р ы л с ы н :

1) Ішкі істер министрлігі мен оның жергілікті жерлердегі органдарында заңдар бойынша Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Мемлекеттік тергеу комитетінің тергеуге алуына жатқызылмаған қылмыстар жөніндегі істер бойынша алдын-ала тергеуді жүзеге асыратын бөлімшелер, сондай-ақ криминалдық және әкімшілік полициясы;

2) Қорғаныс министрлігінде, Ішкі істер министрлігінде тиісінше Қарулы Күштер мен ішкі әскерлерде құқық тәртібін қамтамасыз ету, сондай-ақ әскери қылмыстар бойынша анықтауды жүзеге асыру үшін әскери полиция;

3) Әділет министрлігі жанындағы - бірыңғай сараптама қызметі, оған Мемлекеттік тергеу комитетінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Қорғаныс министрлігінің, Мемлекеттік кеден комитетінің сарапшылық-криминалистік бөлімшелері беріліп, анықтау, алдын ала тергеу мен жедел іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдарда маман криминалистердің қажетті штатын сақтау к ө з д е л с і н ;

4) Қаржы министрлігі Салық комитетінің Салық полициясы бас басқармасының негізінде - Қаржы министрлігінің заңды тұлға мәртебесін

иеленетін Салық полициясының департаменті;

5) Мемлекеттік тергеу комитетінің Криминалдық-ақпарат орталығының, Ішкі істер министрлігі мен Әділет министрлігінің статистикалық қызметтері негізінде - Ұлттық қауіпсіздік комитетінде, Мемлекеттік тергеу комитетінде және Ішкі істер министрлігінде криминалистік және жедел есеп жүргізетін бөлімшелердің болуы көзделіп, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жанындағы Құқықтық-статистика және ақпарат орталығы.

3. Құқық қорғау органдары жүйесінің реформасына қатысты мәселелерді қарау үшін Мемлекеттік комиссия құрылып, оның құрамы (қоса беріліп отыр) бекітілсін.

4. Мемлекеттік комиссия 1997 жылғы 1 шілдеге дейін белгіленген тәртіппен:

1) Ішкі істер министрлігіне Мемлекеттік тергеу комитетінен қылмыстарды ашу мен тергеу жөнінде берілетін жұмыс көлеміне сайма-сай жедел тергеу бөлімшелерінің тиісті штат саны және олардың жұмысын қамтамасыз ету қызметтері, көлік, материалдық, техникалық құралдар және басқа материалдық р е с у р с т а р ;

2) Ұлттық қауіпсіздік комитетінен Мемлекеттік тергеу комитетіне лауазымдық қылмыстарға қарсы күресті жүзеге асыратын жедел тергеу бөлімшелерінің штат саны және олардың жұмысын қамтамасыз ету қызметтері, сондай-ақ қылмыстарды ашу мен тергеу жөніндегі берілетін жұмыс көлеміне сайма-сай Ұлттық қауіпсіздік комитетінің көлік, материалдық, техникалық құралдары және басқа материалдық ресурстары;

3) Ішкі істер министрлігінен Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетке Мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері берілуін қамтамасыз етсін.

5. Мемлекеттік тергеу комитеті мен оған бағынысты органдардың қызметін қаржыландыру республикалық бюджет қаражатының, ал Ішкі істер министрлігінің қызметін қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттердің есебінен жүргізіледі деп белгіленсін.

6. Мемлекеттік комиссия 1997 жылғы 10 мамырға дейін Мемлекеттік тергеу комитеті туралы ережеге, осы Комитеттің құрылымы мен штатына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына ұсыныстар беретін болсын.

7. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) 1997 жылғы 20 мамырға дейін Мемлекеттік тергеу комитеті органдарының прокурордың келісімімен өзге құқық қорғау органдарының тергеуіндегі қылмыстық істерді өздерінің жүргізуіне қабылдау құқығын қарастыра отырып, ішкі істер органдарына Мемлекеттік тергеу комитетінен олардың қарауына берілетін қылмыстар туралы істер бойынша анықтау мен алдын ала тергеуді

жүзеге асыру құқығын беруді, Ұлттық қауіпсіздік комитетінен лауазымдық қылмыстар туралы істер бойынша тергеуді Мемлекеттік тергеу комитетіне беруді көздейтін заң жобасын, сондай-ақ қолданылып жүрген заңдарды осы Жарлыққа сәйкес келтіру туралы басқа да ұсыныстар әзірлеп, Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауына енгізісін;

2) Үкіметтің бұрын шығарылған актілерін осы Жарлыққа сәйкес келтірсін, Мемлекеттік комиссиямен бірлесіп, осы Жарлықтан туындайтын өзге де қажетті шараларды жүзеге асырсын.

8. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

1 9 9 7

ж ы л ғ ы

2 2

с ә у і р д е г і

№

3 4 6 5

Ж а р л ы ғ ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары жүйесін реформалау мәселелерін қарау жөніндегі мемлекеттік комиссияның құрамы

Мемлекеттік комиссияның төрағасы:

Сәрсеков Б.С.

- Қазақстан Республикасы Президентін ұлттық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі көмекшісі, Қазақстан Республикасы

Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшысы

Мемлекеттік комиссия төрағасының орынбасары:

Рогов И.И.

- Қазақстан Республикасы Президентінің

кеңесшісі

Мемлекеттік комиссияның мүшелері:

Алтынбаев М.Қ.

- Қазақстан Республикасының Қорғаныс
м и н и с т р і

Жұманбеков Ж.М.

- Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы

Колпаков К.А.

- Қазақстан Республикасының Әділет
м и н и с т р і

Макиевский Н.М.

- Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы

Мұхамеджанов Б.Ә.

- Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің Заң және сот жүйесі

мәселелері жөніндегі бөлімінің
м е н г е р у ш і с і
Смағұлов Н.Р. - Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Кеңесі Үкімет
шешімдерін дайындауды үйлестіру бөлімі
меңгерушісінің орынбасары
Сүлейменов Қ.Ш. - Қазақстан Республикасының Ішкі
і с т е р м и н и с т р і
Тұяқбаев Ж.А. - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік
тергеу комитетінің төрағасы
Шуткин С.И. - Қазақстан Республикасының
Бас Прокуроры

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК